

Еңбек тәрбиесі - тәрбиеленушілердің жалпы еңбектік біліктері мен қабілеттерін, еңбекке психологиялық дайындығын дамытуға, еңбекке және оның өнімдеріне жауапкершілікті қатынасты қалыптастыруға, мамандықты саналы таңдауға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті. Еңбек тәрбиесі — жасөспірімдерді еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеп, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің бір саласы.

Еңбекке тәрбиелейтін ертегілер тізімі:

“Алтын балта”

“Алтын, күміс”

“Еңбек етсең ерінбей”

“Ақылды егінші”

“Бір үзім нан”

“Еріншек”

“Ақылды етікші”

“Еңбекпен тапқан тиын”

Еңбек туралы өлеңдер:

“Түбінде баянды еңбек егін салған” Абай
Құнанбаев

“Малға достың мұңы жоқ малдан басқа” Абай
Құнанбаев

“Кел, балалар, оқылық” Ыбырай Алынсарин

“Еңбек туралы” Әсет Тәңірбергенов

“Ғылым таппай мақтанба” Абай Құнанбаев

“Біздің еңбек” Иса Байзақов

“Еңбек-өлім жан қанатын қиятын” Мағжан

Жұмабаев



Арнайы мектепке дейінгі педагогика-бұл ғылым психологиясында ауытқушылығы бар балалардың арнайы мектепке дейінгі білім беру процесін ұйымдастыру формаларын әдістерін қағидаларын, мәнін заңдылықтарын зерттейді.

Арнайы мектепке дейінгі педагогиканың объектісі-арнайы мектепке дейінгі ерекше білім алатын балалар болып табылады.

Арнайы мектепке дейінгі педагогика пәні-ерте, кіші және мектепке дейінгі жастағы дамуында ауытқушылығы бар балаларды - тәрбиелеп, оқыту мен дамытудағы теориялық практикалық сұрақтарды қарастырады.

Субъектісі- мектепке дейінгі жастағы ерекше білім алуды қажет ететін балаларды тәрбиелеп, оқытудағы педагогикалық түзету көмегін зеттеуге бағытталған.

Арнайы мектепке дейінгі педагогикалық тапсырмалары мынадай:

Ерте, кіші және мектепке дейінгі жастағы дамуында ауытқушылығы бар балаларды тәрбиелеумен оқыту, теориялық және методологиялық негізін зерттеу.

Арнайы мектепке дейінгі білім берудегі ұлттық даму жүйесін стратегиясын анықтау.

Мектепке дейінгі дамуындағы ауытқушылығы бар балалардың дифференциалды диагностика тәсілдерін зерттеу.

Дамуында ауытқуы мен бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу педагогикалық технологиясын жасау.

Әрбір арнайы мектепке дейінгі мекеме үшін теңбе-тең деңгейлі бағдарлама құру стратегиясын анықтау.

Арнайы білім беруді ұйымдастыру вариативті формасын іздеу және жасау.



Сурдопедагогика - есту кемістіктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту туралы ғылым, дефектологияның бөлімі.

Логопедия (гр. *logos* — сөз, ілім, *paideia* — тәрбиелеу, оқыту) - психология мен педагогиканың тіл кемшілігін, оны жою мен оның алдыналудың әдістері мен қағидаларын зерттейтін саласы. Бала тілінде болатын кемістіктерді зерттеп, оны жоюдың жолдарын іздестіретін арнайы педагогика тарауының бірі.

Олигофренопедагогика - ақыл-ой дамуынан қалып қойған балаларды тәрбиелеу мен оқыту туралы ғылым.

Тифлопедагогика (гр. *typhlos* – соқыр және педагогика) – педагогика ғылымының көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі саласы.



